

№6 тәжірибелік сабақ.

Тақырыбы: Ертегілер.Аңыздар

Сабақтың мақсаты: Ертегілер, аңыздар туралы мәлімет алу.

Негізгі сұрақтар:

1. Ертегілік және аңыздық проза.
2. Ертегілердің жиналуы мен зерттелуі.
3. Ертегілердің жанрлық ерекшелігі, халықтық сипаты.
4. Ертегілердің классификациясы және жанрлық түрлері.

Тапсырма: Халық прозасы туралы түсінік. Ертегілердің өзіндік ерекшеліктері. Хайуанаттар жайындағы ертегілердің пайда болу жолдары. Сюжеті мен тақырыбына қарай хауанаттар ертегілерін этиологиялық «Үркер», «Хайуанаттар жыл басына таласуы», «Қоянның құйрығы неге қысқа, түлкінің құйрығы неге ұзын» т.б. Қиял ғажайып ертегілердің жанрлық ерекшеліктері. «Адам білмес тас», «Сиқырлы құс», «Күн астында күнекей қыз». Фантастикалық және мифтік кейіпкерлер. Тақырыптық құрамының алуан түрлі болуы. Сюжеттердің халықаралық сипаты. С.Қасқабасовтың «Қазақ прозасы» еңбегін конспектілеу.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:

Конспектілеу - мәтіннің ең маңызды жағдайларын барынша қысқа етіп жазбаша баяндау. Конспектілеу арқылы жинақталған білім баяндама, реферат дайындағанда пайдаланылады. Конспект дайындауға байланысты түрлі жаднама бар. Солардың бірі мынадай: 1) Конспектілеу алдында шығарманы мұқият оқып, жоспарын құру; 2) Конспектілеуді бастағанда автордың (немесе жинақ редакторының) дәл аты-жөнін, жұмыстың толық атын, шыққан жері мен уақытын көрсету; 3) Ғылыми еңбектің тарау, бөлім, параграфы барлық кезде де дәл көрсетілуі тиіс; 4) Мәтін қысқа мазмұндалады, бірақ негізгі ойлар мен дәлелдер толық жазылуы тиіс; 5) Конспектілегенде цитата қолданылуы керек; 6) Конспектілеу барысында түрлі шартты белгілер жүйесін қолдану керек, олардың конспект бойынша жауап бергенде көмегі көп. Осылайша құжаттарды тұтастай немесе фрагмент түрінде конспектілеуді, сол бойынша тарихи тұлғалар, оқиғалар мен құбылыстарға баға беріп, құжатпен дербес, шығармашылық жұмыс жасауға үйренеді.

Дайындалуға арналған сұрақтар:

- 1.Хайуанаттар жайындағы ертегілер.
- 2.Қиял-ғажайып ертегілер.
- 3.Батырлық ертегілер.
- 4.Новеллалық ертегілер.
- 5.Сатиралық ертегілер

Есеп беру түрі: конспект, мазмұндау.